

## ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Төлегенова Гүлдария Ержанқызы

[guldariya\\_1991@mail.ru](mailto:guldariya_1991@mail.ru)

7M01101- «Педагогика және психология» мамандығының 1-курс магистранты,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан  
Ғылыми жетекші, п.ғ.к - Шұғаева Г.Қ.

Білім беру жүйесінде ең маңызды мәселелердің қазіргі уақытта бірі болып отырған, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау, дамыту, түзету, қоғамға қосу. Осы орайда психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту әдістерін, балалардың даму ерекшеліктеріне қарай дамыту маңызды, өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

ПДТ балалармен түзету жұмысы кезінде дамуының ерекшеліктерінің негізі болып, төменде көрсетілген ерекшеліктерді жиі байқаймын:

- сөйлеу тілінің дамымауы;
- танымдық процестердің баяу дамуы;
- ойлау қабілеті мен зейіннің тұрақсыздығы;
- есте сақтау қабілеті төмен болуы;
- әлеуметтік қарым-қатынаста, қоғамдық ортада қиындықтардың болуы.

Т.А. Власова өз еңбектерінде психикалық дамуы тежелген балаларды «уақытша даму кешеуілдеуі бар, бірақ арнайы оқыту жағдайында қалыпты деңгейге жетуге қабілетті балалар» деп сипаттайды [1, б. 51].

Осы сипатқа сүйене отырып өз тәжірибемде ПДТ балалардың даму деңгейіне сай түзете дамыту жұмысы, әр балаға нақты жүйелі құрылған жеке даму бағдарламасы арқылы оң нәтижеге жетуге болады.

М.С. Певзнер психикалық дамуы тежелген балалардың негізгі ерекшелігі ретінде «танымдық іс-әрекеттің баяу дамуы мен эмоционалдық-ерік сферасының жетілмеуін» атап көрсетеді [2, б. 51].

Осы ерекшелікті ескере отырып танымдық бағытына басымдық беріп, танымдық әрекетті дамытуды, қоршаған ортамен байланыстыра отырып жетілдіру қажет деп есептеймін.

Л.С. Выготский дамуында ауытқуы бар балалар туралы «баланың психикалық дамуы әлеуметтік орта мен оқыту үдерісіне тікелей тәуелді» екенін дәлелдейді [3, б. 19].

Осы орайда ПДТ балалармен түзете дамыту жұмысым барысында қарым-қатынасты дамыту, топтық жұмыстарға қатысу және ортада жүру ең маңызды рөл атқарады.

В.И. Лубовский психикалық дамуы тежелген балаларды «интеллектуалдық мүмкіндіктері сақталған, бірақ оны жүзеге асыруда қиындықтары бар балалар» ретінде сипаттайды [4, б. 34].

ПДТ балаларды дамытуда қиындықтарды жеңуде өз тәжірибемде түзету барысындағы тапсырмаларды жеңілдеп, қысқа тапсырмаларды кезеңмен беріп, анық, нақты көрнекіліктерді қолдана отырып, бірнеше рет қайталату арқылы, өз көмегіммен ойлауды дамыту жаттығуларын, түзету әдістерін кеңінен жүйелі қолданамын.

Ж.И. Намазбаева психикалық дамуы тежелген балалардың дамуын «оқыту мен тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылуы арқылы түзетуге болатын динамикалық процесс» деп көрсетеді [5, б. 112].

Осы сипатта ПДТ баланың ерекшеліктерін жеке ескере отырып, танымдық процестерін (зейін, ес, ойлау, қабылдау) дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар, сөйлеу тілін қалыптастыру жұмыстары, ойын арқылы оқыту технологиялары тиімді нәтиже береді. Топтық

және түзету жұмыстары кезінде басты эмоционалдық-ерік саласын дамыту, мінез-құлқын реттеу, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуде ерекше көңіл бөлінуі қажет. Сонымен қоса ата-анамен тығыз байланыс жасай ортырып, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіп, кеңес беріп, бірлесе отырып жұмыстану, түзету жұмыстарының нәтижелілігін жоғары деңгейге дейін арттырады.

ПДТ балаларды дамытып, түзету үшін танымдық, сөйлеу және әлеуметтік дамуына ерекше назар аударамын, ол үшін мен қолданатын негізгі кезеңдер:

**КЕЗЕҢДЕРІ:**

◆◆ 1-кезең: Диагностикалық кезеңнен өткіземін

- Баланың даму деңгейін дұрыс, зерттеп анықтаймын
- Психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүргіземін
- Жеке ерекшеліктерін талдап, зерттеу жұмысын жасаймын

◆◆ 2-кезең: Жоспарлау кезеңі бойынша

- Жеке түзету бағдарламасын нақты, дұрыс құруға әрекет жасаймын
- Әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, жүйелі жұмысқа көшемін
- Ата-анамен жұмыс жоспарын жасап, оны тиімді пайдаланып, уақытылы кеңес

беріп тығыз байланыста отырамын

◆◆ 3-кезең: Түзету-дамыту кезеңінде

- Танымдық процестерді дамытуға басымдық беремін (зейін, ес, ойлау дамыту)
- Сөйлеу тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуді қалыптастыруға жұмыстанамын
- Ойын арқылы қызығушылықпен түзету жұмысын жүргіземін
- Эмоционалдық-ерік саласын қалыптастыруға назар аударамын

◆◆ 4-кезең: Бақылау және түзету кезеңі бойынша

- Нәтижені бақылап, қадағалап отырамын
- Қайта диагностика жүргізіп, өзгерістерді анықтаймын
- Бағдарламаны түзетіп, қортынды шығарамын

Психологиялық дамуы тежелген балалармен түзету жұмысымда қолданылатын әдіс-тәсілдер:

**1. Ойын терапиясы**

**2. Эмоцияларды тану**

**3. Коммуникативтік тренинг**

**4. Арт-терапия**

**5. Релаксация**

**6. Ертегі терапиясы**

1. Ойын терапиясы ең маңыздысы болып саналады, оны түзету жұмысында қалай өткіземін:

- Рөлдік ойындар: «Дүкен», «Отбасы», «Дәрігер»
- Эмоцияны көрсету ойындары: «Қуандым», «Ренжідім», «Қорықтым»

Бұл ойын терапиясында маңыздысы:

- ПДТ балалар сөзбен емес, ойын, көрнекі материалдар арқылы жақсы түсінуі

Нәтижесінде:

- Қарым-қатынас дағдысы дами бастады
- Эмоцияны түсіну және білдіру жақсарады

- Қоршаған ортаға бейімделеді

## 2. Эмоцияларды тану және дамыту жаттығулары:

- Суреттер арқылы эмоцияны табу
- Айна алдында мимика көрсету
- «Бұл бала не сезіп тұр?» тапсырмаларын орындату арқылы жүзеге асырамын

Нәтижесінде:

- Эмоционалдық интеллект жәймен дами бастады
- Өз сезімін түсіне талпынды
- Басқа адамның эмоциясын ажырату сезімі қалыптаса бастады

## 3. Қарым-қатынас (коммуникативтік) тренингтер кезінде:

- Сәлемдесу, өтініш айту, рахмет айту жаттығуларын орындатамын
- Жеке және топпен жұмыс жүргіземін

Нәтижесінде:

- Әлеуметтік дағдылар қалыптаса бастады
- Ұялшақтық азайды

## 4. Арт-терапия (сурет, мүсіндеу)

- «Менің көңіл-күйім» көрнекіліктерін қолдану
- Еркін сурет салуды қалыптастыру
- Ермексазбен жұмыстар жүргіземін

Нәтижесінде:

- Ішкі эмоциясын сыртқа шығара бастады
- Қобалжу, агрессия азайды
- Өзін еркін сезіне бастады

## 5. Релаксация және тыныс алу жаттығулары:

- Терең, дұрыс тыныс алу үйреттім
- Босаңсу, тыныштық күйге ену үшін әуенді ұнтаспамен қостым

Нәтижесінде:

- Мазасыздық төмендеді
- Зейіні тұрақтана бастады

## 6. Өңгіме және ертегі терапиясы

- Қысқа ертегілерді көрнекі құралдармен бірге қолданып айттым
- Кейіпкерлердің сезімін жеткізуге жұмыстандым

Нәтижесін:

- Дұрыс мінез-құлықты түсіне бастады
- Жақсы-жаманды ажырата білді
- Ойлау қабілеті дами бастады

Жалпы ПДТ балалармен түзете-дамыту жұмысында осы әдістерді жүйелі түрде қолданылса:

- Эмоцияны тану және басқару дамиды
- Қарым-қатынас жақсарады
- Агрессия, тұйықтық азаяды
- Өзіне сенімділік пайда болады
- Әлеуметтік ортаға бейімделеді

Сонымен қоса қазіргі таңда білім беру саласында инновациялық технологияларды, солардың ішінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын тиімді қолдану ұсынылады.

Осы орайда ПДТ балалармен түзету жұмысында ЖИ құралдарын қолдану қаншалықты тиімді? Қандай маңыздылығы бар?

А. Р. Woolf (2010) еңбегінде жасанды интеллект негізіндегі интеллектуалды оқыту жүйелері білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту процесін дараландыруға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Автор оқушы моделін құру, жедел кері байланыс ұсыну және эмоциялық жағдайды есепке алу арқылы оқытудың тиімділігі артатынын дәлелдейді. Бұл идеялар мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-

психологиялық дамуын қолдауда жасанды интеллект технологияларын қолданудың ғылыми негізі болып табылады [6].

Жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктері

Жасанды интеллект (ЖИ) – деректерді талдау, үйрену, шешім қабылдау және бейімделу қабілеті бар технологиялар жиынтығы. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-психологиялық дамуын қолдауда ЖИ келесі мүмкіндіктерді бізге ұсынады:

1. Жеке дараландырылған оқыту (персонализация)

ЖИ әр баланың жас ерекшелігіне, мінез-құлқына, эмоциялық күйіне және даму деңгейіне сәйкес білім беру мазмұнын бейімдей аламыз.

- Баланың қарқынына сай тапсырмалар ұсына аламын
- Қызығушылықтарына негізделген контент жасай аламын
- Өлсіз және күшті жақтарын анықтаймын

Бұл балалардың өзін-өзі бағалауын және мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

2. Әлеуметтік дағдыларды дамыту барысында:

ЖИ негізіндегі интерактивті жүйелер (чат-боттар, виртуалды кейіпкерлер) балаларға:

- Қарым-қатынас жасауға бейімдеймін
- Эмпатияны дамытуға көмектеседі
- Әлеуметтік жағдайларды модельдеуде жаңа мүмкіндіктер береді.

Мысалы, виртуалды ойындар арқылы бала рөлдік әрекеттерді меңгертемін.

3. Эмоциялық жағдайды анықтау және қолдау

ЖИ технологиялары (мысалы, эмоцияны тану жүйелері):

- Баланың бет-әлпеті, дауыс ырғағы арқылы эмоциясын анықтай аламын
- Стресс, мазасыздық белгілерін ерте кезеңде байқауға жол ашты
- Ата-анаға ұсыныстар беремін

4. Ерте диагностика және даму мониторингі

ЖИ баланың даму динамикасын тұрақты бақылай аламын:

- Кешігулерді (сөйлеу, когнитивтік даму) анықтау
- Мінез-құлық ерекшеліктерін талдау

5. Педагог пен ата-анаға қолдау көрсету барысында:

- Баланың дамуы туралы аналитикалық есеп бере аламын
- Жеке ұсыныстар ұсынамын

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. «О детях с отклонениями в развитии», Власова, Певзнер, 1973, 51-бет
2. «О детях с отклонениями в развитии», Певзнер, 1973, 51-бет
3. «Собрание сочинений» 2-том: «Проблемы общей психологии», Выготский, 1983, 19-бет
4. Психологические проблемы диагностики аномального развития детей», Лубовский,

1989, 34-бет

5. «Психология детей с отклонениями в развитии», Намазбаева, 2005, 112-б
6. Woolf, B. P. (2010). Building Intelligent Interactive Tutors. Morgan Kaufmann